


СТУДЕНТТІК ТӘРТІПТІК КЕҢЕСТІҢ ЕРЕЖЕСІ

Қызметтік қолданысқа арналған басылым


Ақтөбе, 2020 ж

1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі Проректор

Н.М.Бердыбаев 

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры

Қ.Т.Сатыбалдина 

БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (№1 хаттама, 28 тамыз 2020 жыл) ректормен бекітілген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жаңасын ауыстырғанға дейін

3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

1. Жалпы ережелер:

- Студенттік тәртіптік кеңестің ережесі оқу орнының әкімшілігімен құрылған және жатақхананың барлық тұрғындарына қатысты;
- Студенттік тәртіптік кеңестің ережелері жатақхананың тәртіптерін нығайтуға ықпал етеді;

2. Нормативтік сілтемелер:

2.1. Кеңес өз қызметінде мынадай нормативтік –құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- 1) Университет Жарғысы;
- 2) Ішкі тәртіп ережесі;
- 3) Студенттер үйінің ережесі;
- 4) Студенттерді оқудан шығару ережесі;
- 5) Университет ректорының бұйрығы;
- 6) Осы Ережелерден тыс ҚР құқық бұзушылыққа қатысты нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Терминдер, анықтамалар және шартты қысқартулар

3.1. Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті – тәрбие жұмысының жүйелі жұмыс жасауына ықпал етуші алқалы басқару нысаны.

2) Тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары – тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, жеке тұлғаның жас ерекшеліктері мен мәдени дамуы деңгейін ескере отырып, әлеуметтік өмірге араласуын қамтамасыз етеді.

3) Тәртіптік кеңес – жатақханадағы ішкі тәртіп ережесінің сақталуын қадағалау және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізеді.

4) Студенттер үйінің меңгерушісі – студенттер үйінің тұрушыларына қажетті коммуналдық-тұрмыстық қызметтер көрсетеді және баспаналық-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға байланысты іс-шараларды жүзеге асырады.

4. Тәртіптік кеңестің мақсат-міндеттері

4.1. Тәртіптік кеңестің негізгі мақсаты:

1) Студенттер арасында құқық бұзушылық жағдайын зерттеу, талдау, оның алдын алу;

2) Ішкі тәртіп ережесіне ұсыныстар беру.

4.2. Кеңестің міндеттері:

1) Студенттер үйіндегі студенттердің арасында құқық бұзушылық, баспанасыз қалу, нашақорлық, темекі және алкоголизмнің алдын алу кешенді шараларын әзірлеу және жүзеге асыру;

2) Студенттер үйіндегі тұрғындарды Ішкі тәртіп ережесімен таныстыру;

- 3) Девиантты мінез-құлықты студенттермен жеке-дара жұмыс жүргізу;
- 4) Туындаған мәселе бойынша ақпарат беру;
- 5) Түрлі шиеленіс жағдайларда жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен студенттердің мүддесі мен құқықтарын қорғау;
- 6) Кеңес шешімінің орындалуын бақылау.

5. Студенттік тәртіптік кеңестің қызметі

5.1. Тәртіптік кеңес төмендегідей қызметтерді атқарады:

- 1) Студенттер үйіндегі тәртіп бұзушылықпен тізімде тұрған студенттердің тәртібін қадағалау;
- 2) Өз міндеттерін орындамайтын студенттерді анықтау, олармен жұмыс жасау;
- 3) Өз міндеттерін орындамайтын студенттердің тәртібін талқылау қажет болған жағдайда заңға сәйкес құзырлы органдар арқылы жауапқа тарту;
- 4) Кеңес отырысында өзекті мәселелерді қарастыру;
- 5) Студенттер үйінде тәртіп бұзған студенттердің мәселесін қарастыру;
- 6) Тәртіп бұзған студенттерді қоғамдық жұмыстарға және мәдени шараларға тарту;
- 7) Тәртіп бұзған студенттерді жеке қадағалауды ұйымдастыру;
- 8) Тәртіпті күшейту және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша студенттер үйіндегі старосталардың есебін тыңдау;
- 9) Тәртібін түзеген студенттерді тәртіп бұзушылық бойынша тұрған тізімнен алу үшін студенттер үйінің меңгерушісіне өтініш білдіру;
- 10) Тәртіптік кеңес мүшелері әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің келісімен бекітіледі;
- 11) Кеңес құрамына: кеңес төрағасы (*студенттер үйінің студенттік кеңес төрағасы*), оның орынбасары, хатшысы, студенттер үйінің старосталары, студенттер үйінің меңгерушісі, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің қызметкерлері, тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары мен емхана қызметкерлері (*шақыру бойынша*). Тәртіптік кеңес жұмысын әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор басқарады;
- 12) Кеңес отырысында қарастырылған мәселелер бойынша қатысушылардың көпшілік даусымен шешім қабылданып, хаттамамен рәсімделді. Отырыс хаттамаларына кеңес төрағасы, ал ол болмаған жағдайда төраға орынбасары қол қояды. Хаттама реті оқу жылының басынан жүргізіледі. Кеңес хаттамалары әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінде сақталады.
- 13) Кеңестің отырысында үштен екі мүшесі қатысқан жағдайда заңды деп танылады;

- 14) Кеңестің әр бір мүшесі кеңес отырысына қатысып, белсенділік танытып, тапсырылған міндеттерді уақытында аса жауапкершілікпен орындауы тиіс;
 - 15) Кеңестің жұмысын реттейтін негізгі құжаттар:
 - Тәртіптік кеңес ережесі;
 - Тәртіптің кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы университет басшысының бұйрығы;
 - Тәртіптік кеңес отырысының хаттамасы;
 - Тәртіп бұзған студенттердің түсініктемелері;
 - Жатақхана меңгерушісінің қызметтік хаттары.
 - 16) Тәртіптік кеңес құжаттардың дұрыс рәсімделуіне және қабылданатын шешімнің заңды болуына жауап береді. Тәртіптік кеңес отырысының құжаттарының дұрыс рәсімделуіне тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары жауап береді;
 - 17) Студенттер үйінің Ішкі тәртіп ережесін бұзған студенттерді студенттер үйінен шығару тәртіптік кеңестің отырысында шешіліп, хаттамамен рәсімделеді;
 - 18) Студенттер үйінде тұратын студенттер Ішкі тәртіп ережесін бұзған жағдайда оларға төмендегідей тәртіптік жазалар қолданылады:
 - Ескерту;
 - Сөгіс;
 - Қатаң сөгіс;
 - Студенттер үйінен шығару.
 - 19) Студенттер үйінің тұрғындары Ішкі тәртіп ережесін бұзған жағдайда есепке қойылады;
 - 20) Тәртіптік кеңес тәртіп бұзушылықты анықтаған жағдайда тәртіптік шара 1 аптадан кешіктірілмей қолданылады (*студенттің демалыс уақыты мен ауырып қалған мезгілін есептемей*) Егер студент Ішкі тәртіп ережесін өрескел бұзғаны үшін студенттер үйінен шығарылса, бұйрық шыққаннан бастап үш күн ішінде студенттер үйін босату керек;
 - 21) Ішкі тәртіп ережесін өрескел бұзған студент студенттер үйіне қайта тұру мүмкіндігінен айырылады;
 - 22) Студенттер үйінің Ішкі тәртіп ережесін бұзған студенттердің сабаққа қатысуы, үлгерімі, тәртібі топ жетекшісі мен факультет деканы тарапынан (*колледж директоры*) бақылауға алынады.
- 6. Тәртіптік кеңестің құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесуі.**
- 6.1. Құрылымдық бөлімшілермен өзара әрекеттесуі төмендегідей:
- 1) Факультет деканына (*колледж директоры*) және топ жетекшісіне тәртіп бұзған студенттің мінез-құлқын түзету, олармен алдын алу жұмыстарын жүргізу туралы жеке немесе ұжымдық ұсыныстар беру;

2) Факультет кеңесіне қатысып (шақырылған жағдайда) студенттер үйіндегі құқық бұзушылық туралы ақпаратты талқылау.

7. Әзірлеу және толықтырулар енгізу тәртібі

Осы ережені әзірлеу және толықтырулар енгізу тәртібі университет Жарғысының, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың, университет басшысының шешімі мен университеттің басқа да ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі,
стратегиялық даму және
цифрландыру жөніндегі проректор



Бекбауова А.У.

Персоналды басқару және
құжат айналымы басқармасы
қызметінің бастығы



Есеналина Л.С.

Заңгер



Алиманова Л.Б.

Студенттік тәртіптік кеңестің ережесімен танысты:

[illegible]

« _____ » 20 ____ ж.